«Сарыарқа-on—Line» сайты ашылды

Жақында Қарағанды облыстық Н. Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханада «Сарыарқа - on — Line сайтының тұсау кесер рәсімі болып өтті.

Бұл жоба АҚШ-тың білім беру және мәдениет бағдарламаларының (ECA) және Халықаралық зерттеу және алмасу Кеңесінің (IREX) қолдауымен іске асырылған.

Өткен жылдың қараша айында келісім-шартқа қол қойылғаннан бастап, сайтта тыңғылықты түрде ақпарат жинақтау жұмысы қолға алынған. «Сарыарқа - on-Line» жобасының жұмыс қорытындысы ретінде Орталық Қазақстан жөніндегі web-сайтты атауға болады. Бұнда Қарағанды облысының тарихы, табиғаты, мәдениеті, экономикасы, саясаты және әлеуметтік салалары туралы өлкетану ақпараттары интернет жүйесіне ұсынылды.

Аталмыш сайт Қарағанды өлкесін жетік зерттеп, білем деуші тарихшыларға, оқу орындарының оқытушыларына, мұражай, мұрағат, кітапхана қызметкерлеріне, туристтік мекемелер мен саяхатшыларға, өлке танушыларға және көпшілік қауымға көмекке келе алады. Себебі мұнда облыс туралы толық ақпараттар берілген. Бірнеше бөлімдерден тұратын сайттың бірінші бетінде облысымызға жалпы сипаттама беріледі. Оның табиғаты, тарихы, таулары, өзен, көлдері, қала, далалары жөнінде анықтамалар ала аласың. Ал мемлекеттік билік органдар бөліміне: облыстық әкімдік, облыстық Мәслихат, «Отан» партиясы, Қазақстан халықтарының кіші Ассамблеясы, ардагерлер кеңесі және тағы бас.қа қоғамдық ұйымдар енген.

Экономика саласында «Испат-Кармет» ААҚ көмір департаменті, Балқаш металлургия заводы, «Қарағанды-Нан», «Маргарин заводы», «Қарағанды кәмпиттері» сияқты өндіріс орындарын қамтыған. Мәдениет бөлімі облысымыздағы көптеген түрлі театр, мұражай, кітапхана, мұрағат, концерттік бірлестік сияқты мәдениет ошақтарынан ақпараттар береді.

Оқырмандар өлкеміздегі жоғары, орта арнаулы оқу орындары жөнінде мәліметтер ала алады. Сондай-ақ сайтта көз тартар жерлердің фактографиясы да берілген. Келешекте ақпарат жинақтау кезінде «қалалар мен аудандардың шежіресін» жасау ойларында бар. Сайт жасалынып жатқан уақытта кітапхана мамандары оқырмандар арасында маркетингтік зерттеу жүргізді. Зерттеудің қорытындысы айғақтағандай көпшілік өлке туралы материалдардың қазақ тілінде болғанын қалайды. Осыған орай сайттың қазақ тіліндегі бөлімін дамыта түсу және «Мәдениет», «Тарих» сияқты бөлімдерін екі тілде кеңейте түсу жоспарланып отыр.

Тұсау кесер рәсімінде облыстық Н.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры Жанна Шаймұхамбетова осы сайтты құру барысында орасан зор еңбек еткен кітапхана қызметкерлері Г.Доженко, Д.Мамыраева, Г.Умбединова, Қ.Рахым, Н.Рахым, В.Пак және Н.Быхинаға шексіз алғысын білдірді.

Ж.ТОЙБЕК.

Орталық Қазақстан.-2003.-26 сәуір